

Фәжр және шафақ құбылыстары

Намаз уақыттары кестесіндегі алдында жұлдызша ишарасы «*» бар имсак және құптан уақыттарымен байланысты қысқаша анықтаманы төменде келтірдік.

Уақыты кірмейтін намаз және ораза уақыттары үшін ислам ғалымдары қай уақыттардың қалай қолданылатынын ашық және анық түрде еңбектерінде білдірген. Жердің барлық бөлігінде, полюстерде де қай есеп түрлері және қағидалары қолданылатыны кітаптарында білдірілгені үшін және 1400 жылдан бері қолданылып келгені үшін бұларды сол қалпында, өзгертпей қолдануымыз зәру.

Ислам астрономдарының жазған “Хейет”, “Козмография” деп аталған астрономия кітаптарында бұл мәселені астрономиялық мәтіндермен, яғни 47 градус 33 минут параллельдің солтүстігінде болған қалалармен байланысты фәжр және шафақ жағдайларын өте анық, түсінікті түрде білдірген. Бұл қалалар «Солтүстік бойламдағы қалалар» деп те аталады. Еуропаның, Ресейдің, Канаданың, Қазақстан және Американың солтүстігіндегі қалалар осы бойлам қалаларына жатады. Ислам астрономдары солтүстік бойламдағы қалалардың намаз уақыттары туралы үкімдерді кітаптарында кеңінен ашықтап түсіндірген.

Мұндай қалалар үшін:

- **«Акраби ләйали»** яғни имсак уақыты ең соңғы рет кірген кездегі уақыты және сол күнгі құптан уақыты негізге алынып (белгіленіп) қайтадан бұл уақыттар кіре бастағанға дейін осы белгіленген уақыттар бойынша амал етіледі.

немесе

- **«Акраби билад»** яғни уақыттары кіретін ең жақын жердің уақыттары негізге алынады, басқаша айтқанда есеппен табылған жақын жердің уақыттары қолданылады.

Бұл үкімдер Ибни Абидинде және 4 хақ мазһабтың ғалымдарының кітаптарында білдірілген. Бұл екі үкімнің әрбірінде қолданылатын имсак және құптан уақыттары екеуінде де бірдей дерлік сәйкес келеді.

Имсак және құптан уақыттары кірмейтін кездер үшін білдірілген акраби ләйали (имсак уақытының ең соңғы рет кірген уақытымен сол күнгі соңғы құптан уақыты негізге алынып (белгіленіп) имсак уақыты қайта кіре бастағанға дейін намаздардың осы негіз бойынша оқылуы) немесе акраби билад (жақын жер) тәсілімен білдірілген уақыттар да, басқа (қалыпты күндердегі) имсак және құптан уақыттары сияқты болғандықтан, мұндай жерлерде және мұндай уақыттарда басқа уақыттардағы сияқты ниет етіп, намаздарымызды оқуымыз және оразамызды тұтуымыз керек.

Мәселен: Ислам астрономы Ахмет Зия бей “Илми хейет” атты кітабында былай деген: **«Полюске жақындаған сайын таңғы және құптан намаздарының уақыттарының бастауы, яғни фәжр (имсак) және шафақ (құптан) уақыттары, күннің шығу және бату уақыттарынан алыстайды. Яғни таңғы және құптан намаздарының бірінші уақыттары бір-біріне жақындайды. Барлық елдердің намаз уақыттары “устуа” сызығынан (экватордан) ұзақтығына, яғни жердің ендік градусына (ендік= Latitude=φ) және күннің ауытқуына (Declination(ауытқу)=δ), яғни ай және күндерге қарай өзгереді.»** Жердің ендік градустары «90 - ауытқудан» көп болған жерлерде түн және күндіз мүлдем болмайды. Жердің ендік градусының толығы (90 градусқа толықтырғаны) (ауытқу + 19)дан кіші болса, яғни жердің ендік градустарымен күннің ауытқуының айырмасы «90-19=71» немесе одан да көп болған уақыттарда, басқаша айтқанда күннің ауытқуы бес градустан көп болған жаз айларында шафақ жоғалмай тұрып фәжр басталады.

Ислам астрономдарынан Хасиб бей “Козмография” атты кітабында былай дейді: **«Жердің ендігі (параллелі) 66°33’-тан көп болған жерлерде түнсіз күндіздермен күндізсіз түндер болады. Бұл 66°33’ болған жердің ендік шеңберден экваторға қарай 19°**

ара қашықтықта параллел етіп тағы бір шеңбер сызылса, жердің ендік өлшемдері осы екі шеңбер арасында болған елді мекендерде фәжр және шафақ жағдайлары болады. Жер ендігінің толығы (90 градусты толықтыратыны, яғни барлығы) «**ауытқу+19**»дан аз болған жерлерде, яғни жер ендіктерімен күннің ауытқуының айырмасы $90-19=71$ немесе одан да көп болған жерлерде және мезгілдерде, шафақ жоғалмай тұрып фәжр басталады.» ($66^{\circ}33' - 19^{\circ}00' = 47^{\circ}33'$ болғандықтан жер ендігі $47^{\circ}33'$ тан көп болған елді мекендерде шафақ (кешкі апақ-сапақ) жоғалмай тұрып (күннің батқан жеріндегі қызару жоғалмай тұрып) фәжр басталады (таң атады).)

Бұл жазулардан түсінілетіні - жердің ендігі $47^{\circ}33'$ тан $66^{\circ}33'$ қа дейінгі аралықтағы елді мекендерде фәжр және шафақ жағдайлары болады. Бұл екі ендік шеңбер арасындағы қалалар үшін 22 маусымның алдыңғы және кейінгі күндерінде, яғни жаз айларында шафақ жоғалмастан (күннің батқан жеріндегі қызару жоғалмай тұрып) фәжр басталатындықтан, имсак және құптан уақыттары кірмейді (яғни түн, қараңғы болмайды). Бұл мәселеде әһли сүннет ғалымдары тарапынан **«Мұндай имсак және құптан намазының уақыттары кірмейтін күндерде намаздарды уақыттары кірген ең соңғы күннің уақыттары бойынша оқу жақсы болады»** деп айтылғандықтан бұл уақыттардың алдарына «жұлдызша ишарасы» қойылып, намаз уақыты кестесінің астыңғы жағына жұлдызшаның анықтамасы жазылады. Яғни жұлдызша ишарасы қойылып, жанына **«имсак және құптан уақыттары - имсак уақыты анықталған ең соңғы күннің уақыттары болып табылады»** деп жазылады.

Алдында «жұлдызша ишарасы» бар имсак және құптан уақыттарына тән болған күндердің саны ол елді мекеннің ендік өлшемі $47^{\circ}33'$ тан қаншама үлкен болуына байланысты. Яғни полюске қарай неғұрлым жақын болған сайын жұлдызшамен белгіленген күндері соғұрлым көп болады, яғни 22 маусымнан алдын және кейін соғұрлым көп болады. Бір елді мекенде имсак уақыты жоқ болса, құптан уақыты да жоқ деген сөз. Яғни имсак уақыты кірмей жатса, құптан уақыты да кірмейді деген сөз. Мұндай кездерде имсак уақыты бар болған ең соңғы күннің имсак және құптан уақыты белгіленіп, қайтадан имсак уақыты пайда болғанға дейін осы уақыттар қолданылады.

Имсак уақыты кірмеген күндерде алдыңғы күннің имсак уақыты жазылып, алдына жұлдызша қойылып берілген уақыт, имсак уақыты болып табылады және имсак уақыты ретінде қолданылады және басқа қалыпты күндердегі имсак уақыттары сияқты болады. Сол секілді құптан уақыты да басқа қалыпты күндердегі құптан уақыты сияқты болады.

Алдына жұлдызшамен белгіленіп берілген имсак және құптан уақыттары, қалыпты кездердегі имсакпен құптан уақыттары сияқты болғандықтан қалыпты күндерде (жұлдызша белгісі болмаған күндерде) қалай ниет ететін болсақ, бұл күндерде де дәл солай ниет етіп, намаздарымызды да солай оқуымыз және орамызды да солай тұтуымыз керек.

Ханафи мазһабында уақыт намаздың әрі шарты, әрі себебі болғандықтан себебі болмаған кезде, яғни уақыт кірмейінше ол намаз парыз болмайды, уақыты кірмейінше ол намаз оқылмайды. Алайда кейбір ғалымдардың үкімі бойынша қысқа түндерде, шафақ жоғалмай тұрып фәжр басталатын өлкелерде құптан және таң намаздарын оқу да парыз болып табылады.

Осы себепті бұл екі намаз уақыттары кірмейтін күндерде уақыттары кірген ең соңғы күннің уақыттарын белгілеп қойып, күнде сол уақыттарда оқу жақсы болады. **Хадис шәрифтерде де күнде бес уақыт намаз оқылуы әмір етілгені үшін және намаздардың саны бес екендігі бұйырылғаны үшін қысқа түндерде, шафақ қызаруы жоғалмай тұрып фәжр басталатын өлкелерде құптан және таң намаздарын да оқу парыз екендігі** кейбір ислам ғалымдары тарапынан білдірілгені үшін, алдында жұлдызша ишараты болмаған күндердегідей, жұлдызшасы бар күндерде де намаз оқу, ораза тұту бүкіл ғалымдардың үкімдеріне сәйкес болады және ықтиятты болады. Мұсылмандар бүкіл ғибадаттарында ықтиятты әрекет етеді.